ZU 1972 ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№6 (243)
28 maýsym
2024 jyl

JETISÝ OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ




*28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ*

## БАСПАСӨЗ – ҰЛТТЫҢ ҮНІ, РУХТЫҢ ЖЫРЫ




Елімізде 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесі.

Мереке 2011 жылдан бастап жыл сайын атап өтіледі. Бұл күн 1991 жылы 28 маусымда «Баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары туралы» алғашқы ұлттық заңның қабылдануына байланысты таңдалды.

Бұқаралық ақпарат құралдары – билік пен халық арасындағы байланыстырушы көпір. Француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп тегін атамаса керек.

Қоғамда газет-журналдың рөлі орасан. Журналдар, газеттер – ғылым мен мәдениеттің барлық жетістіктерін сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралы. Ұлттың үні, рухтың жыры. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы *«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»* – десе, қазақтың аса көрнекті ағартушысы Міржақып Дулатов: *«Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты»*, – деген.

Мереке құтты болсын!

# II ОРТА АЗИЯЛЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде маусым айының 24 – 25 күндері Бидай Генетикасы және Геномикасы бойынша II Орта Азиялық семинар өтті.

Аталған ғылыми практикалық семинардың мақсаты – ЖУ базасында құрылған әлемде соңғы жылдары пайда болған «Speed Breeding» және «молекулалық селекция» сияқты өсімдіктер селекциясының заманауи әдістерін еліміздің аграрлық бағытта жұмыс жасайтын озық жеті ғылыми ордаларының ғалымдарымен теориялық және практикалық іс-шаралар арқылы бөлісу.

«Speed Breeding» (спид бридиң) технологиясына келсек, ол селекциялық процесстерді 6 есе жылдамдатуға қауқарлы платформа. Яғни, бұрын гибридті популяциялар даярлау үшін 8 жыл қажет болса, қазіргі таңда аталған ұзақ процесті «Speed Breeding» технологиясының көмегімен 2 жылда жасауға болады. Ең бастысы, ЖУ тек еліміз бойынша ғана емес, алыс және жақын шет елдердің ішінде бірінші болып «Speed Breeding» платформасын орнатып, оны ғылыми мақсатта тиімді қолдана бастады.



«Молекулалық селекция» әдістері кәдімгі дәстүрлі селекциялық әдістермен сәтті ұштастырылғанда, селекциялық процесстердің дәлдігі мен жылдамдығы артады. Семинар барысында жоғары өткізгіштік KASP генотиптеу технологиясын қалай жүргізу керектігі көрсетілді.

ЖУ генетика және геномика зертханасының меңгерушісі Қанат Ермекбаев іс-шараны әлемнің озық ғылыми ордаларындағы әріптестерімен бірлесе ұйымдастырды.

Уоркшоптың үшінші күні ұйымдастырушылар Алматы қаласындағы «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» базасымен танысып, болашақта бірлескен әлеуетті жобаларды талқылады.




3 бет




4 бет




6 бет




8 стр.

№6 (243) 28 maýsym, 2024 jyl
Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00




# УНИВЕРСИТЕТКЕ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР КЕЛДІ

Іляс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне Жапонияның, Швецияның және Ұлыбританияның жетекші жоғары оқу орындарының белгілі ғалымдары келді. Шетелдік ғалымдар бір ай бойы «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Құқықтану», «Қаржы және есеп» білім беру бағдарламалары бойынша дәріс оқып, практикалық сабақтар өткізді.

Философия докторы, Лунд университетінің (Швеция) қауымдастырылған профессоры Rustamjon Urinboyev екі жылдан бері Жетісу университетімен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасауда. Ол «MOCCA: Multilevel Orders of Corruption in Central Asia» жобасының жетекшісі.

Философия докторы, профессор Тимур Дадабаев (Цукуба университеті, Жапония) және философия докторы, қауымдастырылған профессор Kobil Ruziyev (Батыс Англия университеті) университеттің оқытушыларына халықаралық деректер базасына кіретін басылымдарға ғылыми мақалаларды жазу әдіснамасы, импакт-факторы бар журналдарға мақалаларды жариялау үшін оларды таңдау әдіснамасы бойынша семинар өткізді.

Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев шетелдік ғалымдарды қабылдап, білім және ғылым саласындағы соңғы жаңалықтармен бөлісті. «Алыс шетелдің ғалымдарын шақырып, жазғы мектеп ұйымдастыру университеттің академиялық қоғамдастығын кеңейтіп, халықаралық мамандармен ынтымақтастықты нығайтады. Білім алушылар мен оқытушы ғалымдарымыздың білімі шыңдалып, тәжірибелері толысады», - деді ректор.

Жазғы мектеп аясында университет ғалымдары бірлескен бірнеше жарияланымдар мен ғылыми бастамалар үшін зерттеу жобаларын жоспарлап отыр. Бұл халықаралық аренадағы ғылыми беделді айтарлықтай нығайтады.

# «ЖЫЛ ПРАКТИКАНТЫ» БАЙҚАУЫ



Жуырда бітіруші түлектер арасында «Жыл практиканты» байқауы өтті. Кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу сапасын арттыру мақсатында университет деңгейінде өткен байқауға барлық білім беру бағдарламалары бойынша түлектері қатысты. Шараны жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі ұйымдастырды.

Конкурсқа қатысушылардың жұмыстары комиссия құрамымен бағаланып, ең үздік практика есептерінің иелері I, II және III дәрежелі дипломдармен, ал олардың жетекшілері Алғыс хаттармен марапатталды.

I-орынды Журналистика ББ түлегі Рахимбекқызы Айнур еншіледі, (жетекшісі: оқытушы-дәріскер Есенбек Жұмағали Бейсенбекұлы).

II-орынға Биология, БҚ-411 топ түлегі Балжан Заманбекова (жетекшісі: оқытушы-ассистент Муталив Даулен), Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, БҚ-411 топ түлегі Өмірғали Назым (жетекшісі: оқытушы-ассистент Кулсеитова Зауре) ие болды.

Байқаудың III-орнын АЖҚ-411 топ түлегі Тоқтаған Бекзат, (жетекшісі: оқытушы-дәріскер Мурсакимова Гульжан), ҚТӘ-411 топ Арайлым Темирбекова, (жетекшісі: оқытушы-дәріскер Разбекова Меруерт Тоқтасынқызы), ГТҚ-411 топ түлегі Назерке Абдикаримова, (жетекшісі: г.ғ.д., профессор Баймырзаев Қуат Маратұлы) еншіледі.



# ҒЫЛЫМИ СЕМИНАРДЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Жуырда Жетісу университетінде «Эксперименттік дизайн және деректерді талдау (R-да)» тақырыбында ғылыми семинар өтті.

Семинар спикері – PhD, Молекулярлық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі Ермекбаев Қанат Абайұлы.

Семинар барысында эксперименттік дизайн түсінігі; сәтсіз және сәтті эксперименттік дизайн; деректерді статистикалық өңдеу; эксперименттегі репликация, рандомизация және блоктау т. б. мәселелер қарастырылды.

Сонымен қатар, Қанат Ермекбаев R-studio бағдарламасымен жұмыс істеу негіздерін түсіндіріп, қатысушылар деректерді статистикалық өңдеу бойынша практикалық тапсырмаларды орындады.




# БОЗКІЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕ

15 мамыр күні Талдықорған қаласының білім беру мекемелерінің студенттері арасында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – Ректор кубогы үшін Еркін күрестен жарыс өтті.

Бозкілемдегі бәсеке нәтижесінде І орынды І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы жеңіп алды. ІІ орынды Ж.Үшкемпиров атындағы облыстық мамандандырылған спорт колледжі иеленсе, Талдықорған қаласының жоғары политехникалық колледжі ІІІ орынның тұғырынан көрінді.

Командалық жарысқа Талдықорған қаласының 8 білім беру мекемесінен барлығы 80 студент, 16 жаттықтырушы, 6 төреші қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатына Еркін күрестен 1996 жылғы Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері, Қазақ елінің даңқты балуаны, Жетісу университетінің түлегі Маулен Мамыров арнайы келіп, балуандарға сәттілік тіледі.

Жүзден жүйрік атанған спортшыларға Ректор кубогы берілді.

# ВИКТОРИНАЛЫҚ САЙЫС ӨТТІ

Ғ.Орманов атындағы кітапханада Жеңіс күні мерекесі қарсаңында «Еңсесі биік – ұлы Жеңіс» атты викториналық шара, «Отан қорғауында!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы фашистік Германияны оккупациялауының нақты аспектілерін қамтитын қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптар мен журналдар қойылды.

Викторинаның мақсаты өскелең ұрпаққа Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағұлмат беру. Отан үшін жан қиған тұлғалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеу.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

# Қобыз жылаған түн



Әйгерім ИЕБЕКОВА.



Демалыс күндері құлқын сәріден тыпыршып тұрып алатын мен көрші атайдың Ақбақай атының артына мінгесіп өріске бірге аттанатын едім. Терезеден аңдып отырамын да «Ата, мен де!» деймін далаға жүгіріп шығып, анадайдан айқайлап

– Ал, қарасирақ, мінгес! – дейтін атам мейірбан жүз, майда үнмен.

Содан кейін, таза ауадағы ат үстіндегі рахат өмір басталады-ай дейсің.

– Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем – деп әнге басып, өріске кете барамыз.

Расында көктем айларында көбесі сөгілген қар суы кең жайылып, ойпан жерлерде шабындық шөп қаулап өскен кезде дала төсіне бейне бір кілем жайып тастағандай еді. Сәске түс кезінде малдың басын бір қайырып қойып атамның қоржынынан шыққан небір тәттілерді, сүрленген ет пен тоң майға піскен бауырсағын, Алқа әжейдің сықпа құртын, дәмі тіл үйіретін ірімшігін күйсеймін-ай келіп. Атамның торсығында кейде айран, кейде шалап, кейде тіпті бал қымыз болушы еді. Шіркін, сол сары қымыздың дәмін айтсаңшы таңдайымнан бір кетер емес.

«Қымыз денге – саулық, тәнге қуат!» – дейді Сейдеш ата. Киімі жұпыны, малы азын-аулақ болғанымен Сейдеш ата мен Алқа әжейдің үйінен жылдың төрт мезгілі ақ үзілмейтін-ді. Дастарқанының берекелі екенін қоржынындағы жылы-жұмсағынан-ақ бала болсам да ішім сезеді. Тыңқиып тойып алып қос қолымды басыма қойып, шалқая жатамын. Содан соң салқар даланың саф ауасын терең сіміре жұтып, кеудемді кере дем аламын. Мен үшін бұдан асқан қандай лагерь, нендей демалыс орны бар. Ал атам ағып тұрған шежіре ғой шіркін! Жазылмаған кітап деп осыны айт. Бұл өңірдің тарихын білгің келсе, шежіре кеуде Сейдештен сұра дейтін еді ауыл адамдары.

Өз басым мен білмеймін деген сөзін естімедім. Әңгіменің тиегін ағытқан кезде бейне бір сол оқиғаның ішінде өзің де жүргендей күй кешесің.

Сондай бір күндердің бірінде Сейдеш ата екеуміз тау өзенін сағалай төскейді бетке алып, мал жайып келе жатқан едік. Қыстан шыққан арық малдар балауса шөптерді бырт-бырт шайнап келеді. Ауылдан біраз ұзадық. Дөңкейген апайтөс жоталардың біразы артта қалды.

Шайдай ашық аспандағы күн нұрының шаншыла шашыраған сәулесі бұл өңірге жаз мезгілінің ерте келетіндігін айғақтап тұрғандай. Жетісудың қарлы сілемдері күнге төсін төсеп жүлге-жүлгемен жарқырай шағылысады деп, Кенет алыстан ат жеккен арбаның қарасы көрінді. Бізге жақындағанда байқадық олар екі адам екен. Арбадан түскен екеудің бірі денесі қушықтай жас жігіт екен де, екіншісі қаптағай денелі, қара мұртты орта жастағы жігіт ағасы.

– Ассалаумағалейкум, жол болсын жігіттер! Шырамыта алмай тұрғаным, қай ауылдың баласы боласыңдар?! Сейдеш ата бөтен адамдарға жасы кіші демей бірінші болып ізет көрсетті.

– Уағалейкумассалам, әлей болсын, жол көрсетпек сізден болсын, ағасы. Бөрілітөбе ауылынан боламыз – деді зор дауысты, қара мұртты кісі.

Қол алысып бұйымтай сұрасқан соң белгілі болды. Жолаушылар науқасқа шипа іздеп, тәуіп кезіп жолға шыққан екен.

Қазір не көп, өзін әулие санайтын адам көп. Бұл өңірде мен білетін қобызшы бар еді бірақ ол менің бала күнімде дүниеден озған – деді.

Менің екі көзім арбадағы шашы алба-жұлба, өзімен өзі күбір-күбір сөйлеп біресе селк-селк етіп, ыржалақтап күліп, айналасындағылармен ісі болмай өзімен-өзі отырған мосқал әйелге түсті. Әйелдің сөзі түсініксіз, кімді не үшін балағаттап жатыр беймәлім. Балалық әуестігім басым болса керек, «бұл әйел кім болды екен? Мына қара мұрттының жары шығар». Сейдеш ата неге сұрамайды екен деп күтіп тұрмын. Бірақ сұңғыла қарт жақ ашпады. Жолаушылар есен-сау айтысып жүріп кеткен соң Сейдеш атадан әйел жайында сұрағым кеп оқталдым. Атам «жын иектеп алған бейбақ қой» – деп қысқа ғана қайырды да қойды. Қойған сауалыма тұшымды жауап ала алмаған мен сұрақты басқа қырынан қою амалын іздеп, әңгіме ауанын қобызға бұрдым.

- Сонда қобыз адамды қалай емдейді, ол бар болғаны музыкалық аспап емес пе? – дедім мен таңданысымды жасырмай.

Бұл сауалыма атам аянып қалмады. Шежіре айтудың шебері еді, қобыз туралы мына әңгімені баян етті.

Жасым он бірден он екіге қараған жылы көк желкем тартып, басым айналып, мең-зең күй кешіп қатты науқастанып қалдым – деп сабақтай түсті атам әңгімесін. Жасамаған ем-домы қалмаған әжем ақыры бетім бері қарамағасын көпшіліктің сұғы өтті деп жорып Арық деген әулиенің ауылына алып келді. Әжемнің олай жоруына себеп те жоқ емес. Өткенде жайлауда алғаш қымыз ішіскен қымызмұрындық тойына әжем мені ерте барған. Ит басына іркіт құйылған молшылық тойдағы ойын-сауық жарысқа қатыстым. Қол күресте өзім сияқты балалардан күшім басым түсіп бәйгеге тіккен семіз тоқтыны қанжығама байлаған болатынмын. Тойға жиналған жұрт «бұл өзі бір болайын деп тұрған бала екен» деп таңқалысқан. Содан әжем маған көпшіліктің көзі тиді деп жорып, мені қобызбен емдейтін емшінің үйіне алып келді.

Қобызшы ат жақты, кең маңдайлы, түксиген қою қара қасты, өткір көзді, қыр мұрынды бір сөзбен айтқанда сұсты әрі өңді кісі еді. Кеудесін кере жапқан ақ қыраудай сақалын айтпасан сырт келбеті бақсы-емшіге ұқсамайтын-ды. Еңсесін тік ұстап, ширақ қозғалатын ол шапанын желбегей жамылып орнынан тұрып, төрде ілулі тұрған қылқобыздың алды да, жерде төселген құрақ көрпені көрсетіп, маған отыр дегендей ишара жасады. Қамшысымен сабап, бақырып-шақыратын бақсы-балгер десе зәре-құтым қалмайтын мен байсалды, мінезі бір тоға мына қарияны көріп секеміп сейілгендей болды.

Киіз үй іші ала көлеңке еді. Емші қара қобызын білем-білем тарамыс қолына алып сүйрік саусақтарымен қобыз қияқты жәйлап баппен ұстады да, жылқының қырық тал қылынан есілген қос ішекке төндіріп кеп қиқулата жөнелді. Баяу басталған бір қалыпты сарын келе-келе өрши түсіп безек қағып ала жөнелді. Қобыз үніне қосылып маған түсініксіз тілдегі құран сүрелерін әуендетіп айтып жатты. Еңкіш келген қобыз-қияққа жармасқан жүйрік құлағымның құрышын қандырып рахат бір сезім кешіп отырған мен ұйықтап кеткен екенмін. Қанша ұйықтағаным белгісіз, уыз ұйқының құшағында жатқан мені төсегімнің аяқ жағында отырған әжемнің – Сейдешжан, тұра ғой, бейуақта ұйықтауға болама екен – деген кейісті сөзі оятты. Ұйқылы ояу әжемнің зерлі камзолына басымды қойып біраз маужырап жатқан мен құлан-таза айыққанымды ұқтым.

Өкініштісі, бұл менің Арық қобызшыны ең алғаш әрі ең соңғы көруім екен. Сол жылдың күз айында әжеме ілесіп қобызшының үйіне тағы бардым. Ол жолы ем алуға емес, марқұмды ақтық сапарға шығарып салуға еді. Марқұмның мүрдесін жер қойнауына тапсырған соң әжемді осы әулеттің жасы үлкен рулас келіні есебінде шырақ жағып, орын күзету рәсіміне қалдырған. Ымырт үйірілген уақта осы ауылдың үлкен-кішісі, жасы мен жасамысы жиылып, дастарқан басында кеу-кеулесіп әңгімелесіп отырды. Жанған шырақтың түтініне әжем менің бетімді сипап жатып есінеп отырған жайымды байқап, балам шаршады, жатып демін алсын – деп жастау келіншектен маған төсек салып беруін өтінді.

Бейтаныс келіншек мені үйге алып кірді де түпкі бөлмедегі темір кереуетке жатқызып өзі шығып кетті. Өткен жазда әжем екеуміз келген қобызшының қоржын тамы. Бөлме ішінде ешкім жоқ. Тас қараңғы екен. Бойымды қорқыныш биледі. Шығып кетуге үрейлендім. Не де болса қозғалмай жата беруім керек. Адам баласы үш күннен кейін көрге де үйренеді демей ме, жата-жата етім үйреніп, бөлме іші алакөлеңкеленіп, желке тұсымда ілулі тұрған түс киіздің өрнектері көзге айқын көріне бастады. Баркыт матаның үстіне сипағанда реңі қоюланып шыға келетін күлгін түсті пүліштен қошқармүйіз өрнектеліпті, шеті сары түсті таспамен жиектелген. Керемет үйлесім. Нағыз ісмер жанның қолынан шыққан дүние екені көрініп-ақ тұр.

Кенет көзім жоғары жақты ілулі тұрған қылқобызға түсті. Жазбай таныдым. Дәл өзі. Түнеу күні мені емдеген қара қобыз. Мен иесіз қалған қобызға міскінді көргендей аяушылықпен қарадым.

«Дүние жинап не етерсің, бір күні тастап кетерсің!» – деген жолдар орала берді. Дүние деймін-ау, адам деген бір бейбақ тіршілік иесі бар. Сол тіршілік иесінің басқалардан айырмасы бұл жалғаннан дүние қалауының көптігі соншалық бәріне иелік еткісі келеді шолақ қолы қыл ішекті осып-осып жібергенде мұңлы дауыс зарыға дірілдей түсті. Енді бірде жүйіткіген құйындай апай-топай әуен ұлыған көк бөрінің дауысындай болып кетті. Шиыршық атқан мұңлы зар сай-сүйегінді сықырлатып, тұла бойынды тулатып, жұдырықтай ет жүрегінді дір еткізбей қоймайды. Бірде, толқын атқан асау теңіздей жүйіткіп шыққан дабыра әуез саябырлап тынық теңіз суындай бәсеңси қалады. Не керек желдің уіліне, құстың құрылына, бозінгеннің боздауына ұқсатып ғұмырына жетіп артылатын мүлік жинаса да, көзі тірісінде өзінің жанынан артық көретін бір түйір затын да алып кете алмайды екен. Мәселен, мына Арық қобызшы осы қара қобызын өзінің балаларынан артық көрген болар деп өзімше ой түйдім.

Осылай пәлсапалық ой үстінде жатқан мен талықсып ұйықтап кетіппін. Түсімде Арық қобызшы байыпты жүзбен, жылы жымиып қойып қобыздың құлағында ойнап отыр. Мұң мен сағыныshқа толы тылсым әуез сай-сүйегінді жібітіп, іші-бауырыңды елжіретпей қоймайды. Құлағымнан кірсе де тұла бойымды баурап алған қоңыр дауыс, зарлы әуез бояу басталып желдей жүйтки жөнелді. Көңілім жай тауып, дәл рақат сезімді бастан кешіп жатқан мезетте селк етіп оянып кеткен мен түсім емес өнім екенін ұқтым.

Даңғыр-дұңғыр қобыздың зарлы үні өзімнің желке тұсымнан шығып жатыр ма қалай?!

Сейдеш ата қос қолын кеудесіне басып О, құдырет! – деп бір күрсінді де, әңгімесін әрі жалғады.

Өне-бойым қалшылдап дір-дір етіп кетті. Қос көзімді тарс жұмып, демімді ішіме жұтып, тіп-тіке қозғалыссыз жатырмын. Қобыздың зарлы үні толастар емес. Жаным мұрнымның ұшына тығылды. Айқайлап көмекке біреуді шақыру былай тұрсын, дем алуға мұрша жоқ. Үнімді шығара алмасам да, я пірім, о құдайым өзің жар бола гөр» - деп іштей жаратқанды еске алып жатырмын. «Біссміллә, біссміллә» - деп тілімді кәлимаға келтіргендей болам да, ары қарай құран аяттарын жатқа білмей дымым құриды.

Не керек, менің жанымды Алқа құтқарды – деп кішкентайынан құлын тайдай бірге өскен бала махаббаты, өмірлік жары Алқа әжені әңгімесіне қосушы еді атам.

Қобыздың құлағында мен ойнап отыр деп ойласа керек. Алқа әжең қобыздың зарлы үні шыққан тамға жүгірген екен. Қолына жарық ала кірген ол аң-таң болып кереуетте жатқан маған бір, төрде ілулі тұрған қобызға бір қарайды.

Қас қылғандай бұл кезде қара қобыз да сілтідей тынып, қаққан қазықтай қақшиып қатып қалыпты. Сірә, менің есім ауыстыәлде шаршағандықтан бәлкім қорыққанға қос көрінеді деп жори салар ма едім егер бұл қобыз дауысын Алқа әжең де естімеген болса.

- Сен бе, қобызда ойнаған деді ол аузын шошайтып, нәркес жанарын төңкере қарап. Өлімнен ұят күшті деген бар. Қыз алдында қорыққанымды білдіріп жігіттік беделімді түсіріп алмайын дегендей «иә, мен» - дегенім есімде. Мақтау мен қошамет күтіп жатқан маған бұла өскен ерке қыз – пыф, деп астыңғы ернін сылп еткізіп шығарды да тез бұрылып шығып кетті. Қыз соңынан зып беріп сытыла шығуды ойлап жатқан мен қобызшының әруағы кеп көк желкемнен шап беріп ұстап алатындай орнымнан апыл-ғұпыл атып тұрдым да есікке қарай зыта жөнелдім.

Төсектен орғып тұрып, аяғыма оратылып қалған қызыл көрпені бар өшімді содан алғандай артқа қарай теуіп кеп жібердім де, сыртқа қарай атылып шықтым. Киіз үйге кеп әжемнің жанына жайғастым да таң бозарғанша бір елі ажырамастан тымпиып отырып алдым. Үйге барғасын сол түнгі оқиғаны әжеме айтып бердім. Әжем мені шошынды деп ойласа керек жуындырып-шайындырып, үсті-басымды аластап, жастығымның астына бәкі төсеп ұйықтатты. Сол күннен бастап мені өлік-жаназаға алып жүрмейтін болды. Кейін де Арық әулиенің түннің бір уағында ойнайтын иесіз қылқобызы жайында дүйім жұрт, мұқым ауыл айтып жүрді.

- Е, шырағым қобыздың иесі де киесі де бар екені рас – деп әңгімесін аяқтады Сейдаш ата.

Бұл менің қобыздың қасиеті жайлы естіген алғашқы әңгімем еді.

# БОЛМЫСЫ БЕКЗАТ, ТАНЫМЫ ТЕРЕҢ...

Адам болмысының рухани сипаты бойындағы білімімен, үлгі-өнегесімен бағаланса керек. Адамгершілік, парасат-пайым, мәдениеттілік сияқты ізгі қасиеттердің барлығы білім алып, оны өмір мәніне айналдыру нәтижесінде іске асатыны хақ. «Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» – дейді ғылым мен білімді барлық жайдан жоғары қойған хәкім Абай.

Ғылымды табу, өнерді үйрену, білімді болу, ғылымнан асқан ғазиз дүние жоқ екенін Абайдан артық ешкім айтқан емес. Десе де ілімнің шырағын жағып, саналы ғұмырын мехнаты көп ғылыммен ұштастыру екінің бірінің қолынан келмейтін іс, әсіресе нәзік болмысты әйел адам үшін оңай шаруа емес. Ал І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, биология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бахтаулова Алефтина Сембайқызы ғылымның сан соқпақты сүрлеуімен жүріп отырып, алпыстың асқар шыңына шықты.

Алефтина Сембайқызы 1964 жылы 11 маусымда Алтай өлкесі Петропавл ауданы Антоньевка ауылында қарапайым еңбегімен елге танылған өнегелі отбасында дүниеге келген. Хәкім Абай айтқандай жақсы ата, жақсы анадан тәлім мен тәрбие алған ол 1981 жылы Антоньев орта мектебін бітіріп, Павловск ауылшаруашылық техникумында білім алады. Кейін Алтай ауылшаруашылық институтында «Агрономия» мамандығы бойынша (1981-1989) білімін жалғастырып, оқу орнын үздік аяқтайды. Ол білім алған кезеңде озат студент қатарынан танылып, Кеңес Одағындағы ең беделді, ең жоғары стипендия – Ленин стипендиясының лауреаты атанды. Студент шағынан-ақ ғылымға ден қойып, Бүкілодақтық ғылыми конференциялар мен олимпиадалардың жеңімпазы болды.

Алефтина Сембайқызы институтты аяқтағаннан кейін алғашқы еңбек жолын Алтай ауыл шаруашылығы институтында Ботаника және өсімдіктер физиологиясы кафедрасының оқытушы-ассистенті ретінде бастады. Ғылыми құштарлығы мен қабілетін әлемге әйгілі, ең көне жоғары оқу орны Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясының аспирантурасында оқи жүріп шыңдады. Ол Тамыры ащы, жемісі тәтті ғылым жолын дәл осылай таңдаған болатын. 1995 жылы ботаника бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым кандидаты дәрежесін, 2002 жылы Биология кафедрасының доценті ғылыми атағын алды.

Алефтина Сембайқызын болмысы бекзат, танымы терең ғалым десек асылық айтпаған болар едік. Тұрақтылық, төзімділік, қайсарлық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі болса, ол Алефтина Сембайқызына тән. Ол І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 1995 жылдан бастап 30 жылға жуық табан аудармай жемісті еңбек етіп келеді. Осы уақыт аралығында жаратылыстану кафедрасының доценті, биология кафедрасының меңгерушісі, ғылым және стратегиялық даму орталығының директоры қызметтерін атқарды. Ол университетте көптеген игі бастамалардың іске асуына мұрындық болды. Стратегиялық даму орталығын басқарған кезеңде университет алғаш рет ACQUIN халықаралық және ұлттық аккредиттеуден сәтті өтті, сапа менеджменті жүйесі енгізілді.

Қазіргі уақытта Алефтина Сембайқызы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор қызметін абыройлы атқарып келеді.



*Алефтина БАХТАУЛОВА.*

Алефтина Сембайқызы университеттің әлемдік қауымдастықтағы көкжиегін кеңейтуге халықаралық ынтымақтастығын дамытуға орасан зор үлес қосты. Оның бастамасымен университетте Свече қаласындағы Лингвистикалық-техникалық университетінің өкілдігі, Швейцарияның жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Цюрих университетінің Халықаралық Европалық зерттеулер орталығы ашылды. ТОП-700 QS World University рейтингісіне кіретін Алтай мемлекеттік университетімен және Италиядағы озық Марке университетімен қосдипломды білім беру бағдарламалары іске асырыла бастады. Бұл студенттер мен оқытушыларға үлкен академиялық мүмкіндіктер ашты.



Университетте өткізілген көптеген халықаралық деңгейдегі шаралардың ұйытқысы болды. Атап айтқанда, оның жетекшілігімен білім ордасында аккредиттеу бойынша халықаралық семинар өткізілді. Швейцария мен Словакия мемлекеттерінен келген шетелдік студенттер үшін жазғы мектептер ұйымдастырылды. Университет базасында алғаш рет Ұлыбританияның Джон Иннес орталығымен бірлесіп бидай генетикасы және геномикасы бойынша І Орталық Азия семинары өткізілді. Семинар жұмысына Түркия, Пәкістан, Иран, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің жетекші ғалымдары қатысты.

Қазіргі таңда ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – ғылыми жобаларды іске асыру, жобаларды басқару болса, Алефтина Сембайқызы ол істі де жоғары деңгейде үйлестіруде. Университетте ҚР Ғылым және білім министрлігінің гранттық қаржыландыру сомасы 500 млн теңгеге жетті. Университет тарихында алғаш рет Европалық Комиссия қаржыландыратын 2 халықаралық жоба орындалуда. Ғылыми жобаларды білікті басқарушы ретінде оқу орнындағы алғашқы коммерцияландыру жобасын басқарып, іске асыруда. Биотехнология және экология институтының, IT орталығының инфрақұрылымы күшейтілді, ТМД-да баламасы жоқ Интенсивті селекция платформасы ашылды, сирек кездесетін жабайы жеміс түрлерінің төлімбағы (питомник) құрылды, 2 постдокторантура жобасы іске асырылуда. Алефтина Сембайқызының бастамасымен университетте жас ғалымдар мен білім алушыларға арналған ғылыми жобалар байқауы бастау алып, нәтижесінде 30-дан астам ғылыми идеялар мен жобалар жүзеге асырылды.

Алефтина Сембайқызы – ұлағатты ұстаз. Білім, ғылым және мемлекеттік қызмет саласында қызмет етіп жүрген талантты кадрларды дайындады, олар Қазақстанның әр түкпірінде жемісті еңбек етуде.

Алефтина Сембайқызының ғылыми жетекшілігімен ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру жобалары, сондай-ақ ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің қолдауымен Ұлттық парктерімен бірлескен ғылыми жобалар орындалды. 2023 жылдан 2025 жылға дейін «Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жеміс түрлерінің көшеттерін вегетативті көбею жолымен өндіру» коммерцияландыру жобасы орындалып жатыр.

Ол 100-ден астам ғылыми мақаланың, оның ішінде Scopus және Web of Science ғылыми-метрикалық базаларындағы ғылыми жарияланымдардың, оқу-әдістемелік құралдардың, патенттердің авторы.

Тынымсыз еңбек еткен адамның қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы асқақ. Еңбегің шын еленсе еңсең де биік жүреді.

Алефтина Сембайқызы жоғары оқу орны оқытушылар арасында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2018» атағының иегері. «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің білім беру сапасын бағалау бойынша сарапшысы, білім және ғылым саласындағы республикалық комиссиялардың төрағасы және мүшесі, сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторы, халықаралық ACQUIN аккредиттеу бойынша сарапшысы.

«Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Адам жанының жапырағы, саясы ол - ұрпақ. Кім болмасын еккен ағашының мәуелі болғанын қалайды. Алефтина Сембайқызы да ұрпақ жалғар ұлдарын мақтанышпен айтады. Ол бақытты жар және екі ұлдың анасы. Жұбайы Орлан Сәбитұлы да білім беру саласында жұмыс істейді.

Үлкен ұлы – Сұлтан, философия докторы (PhD), «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Анасының ғылымдағы ізін жалғап, 2022 жылы Лотарингия университетінде докторлық диссертация қорғаған. Қазір Астана қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Агро-өнеркәсіп кешенін цифрландыру саласындағы технологиялық құзыреттілік орталығы» директорының орынбасары қызметін атқарады. Кіші ұлы – Алан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Экология министрлігінде IT инженер қызметін атқаруда.

Білімді адам – жарық шам секілді – деп тегін айтпасақ керек.

Алефтина Сембайқызы Бахтаулованың ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі орасан зор. Оның ғылыми жетістіктері Қазақстанда және шет елде агрономия мен биологияның одан әрі дамуына ықпал етті. Ғылымдағы ғұмыры, өз ісіне адалдығы жас ғалымдарға үлгі.

БІЗДІҢ ТҮЛЕК

# ӘЛЕМНІҢ 545-ШІ ҒАРЫШКЕРІ



Ғарыш – бұл шексіз кеңістік. Толық зерттелмеген құбылыс. Дүние жүзіндегі тұңғыш ғарыштық аппарат – Жердің жасанды серігі 1957 ж. төртінші казанда, ал ұшқышпен басқарылатын тұңғыш ғарыштық аппарат – «Восток» кемесі 1961 ж. он екінші сәуірде Байқоңыр ғарыш алаңынан ұшырылған.

Қазақ ғарышкері, Қазақстан республикасының азаматы, космосқа ұшқан әлемнің 545-ші ғарышкері, Қазақстан Халық Батыры, Қазақстан ӘӘК (ВВС) полковнигі, қазақтан шыққан ғарышкер – Айдын Айымбетов. 2015 жылы 2-ші қыркүйекте ғарышқа ұшып, үшінші қазақ ғарышкері атанды. Айдын Ақанұлы өзі бала кезден ғарышты армандаған және ата-анасы талпынысын үнемі қолдаған. Мектепті алтын медальмен бітірген Айдын Айымбетов «Армавир әскери авиация училищесіне» оқуға түседі. Ол 1993 жылы өзін ғарышкерлер қатарына енгізу жөнінде өтініш білдірген. Оған дейін Талдықорғандағы әуе базасында командир болып қызмет еткен. 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірген. Өзіне нық сенімді болған қазақтың үшінші ғарышкері Айдын Айымбетовтің тек 2002 жылы арманы орындалды: ол ғарышкерлер корпусына қабылданады. «Бұйыртып, 2002 жылдың 9-қарашасында Қазақстан Республикасының ғарышкерлерінің қатарына қосылып, 2003 жылы медициналық тексеруден өтіп, жаттығу жұмыстарына кірістім. Ал, 2009 жылдың 15-желтоқсанында Мемлекеттік Ант қабылдап, «Қазғарыш» басшысының кеңесшісі ретінде қабылдандым. Содан кейінгі жылдары осы агенттікте бөлім басшысы, департамент басшысы сияқты бірқатар лауазымды қызметтерді атқардым. 2014 жылы оған ҚР Әскери-әуе күштерінің полковнигі атағын алдым. Сонымен қатар, біраз жыл күреспен де айналысқан кездерім де болды. Қазір әскери жойғыш ұшақтарды басқаратын маманмын», - дейді ғарышкер. Батырдың тарихи ұшуы 2015 жылдың 2 қыркүйегінде 10 сағат 38 минутта №1 негізгі алаңнан – «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз ТМА-18» ғарыш кемесінен өтті. Ғарыштан оралғаннан кейінгі денсаулығы туралы сұраққа жауап берген Айдын Ақанұлы бір қызық деректі келтірді: XFC-та 10 күн ішінде ол 5 см-ге өсті, бірақ қонғаннан кейін оның өсуі өзгеріссіз қалды. Алдымен Айымбетов ашық кеңістікке қатысушы ретінде ұшады деп жоспарланған еді, алайда ұшатын уақыт таянғанда оның мәртебесі біліктілігіне сәйкес, «бортинженер-2» деп өзгертілді. 10 күнге созылған сапарда Айдын Айымбетов ғарыштағы 5-ші ұлттық ғылыми зерттеу бағдарламасын орындады. Алғашқы 4 бағдарлама 1991 жылы Тоқтар Әубәкіровтың және 1994, 1998, 2001 жылдары Талғат Мұсабаевтың ғарыштық сапарларында атқарылған еді. Жалпы ғарыштық зерттеу бағдарламасы 10 ғылыми тапсырмадан құрылған, оның ішінде Арал және Каспий теңіздерінің экологиялық жағдайына мониторинг жүргізу және «Дастархан-6» деп аталған ұлттық тағам өнімдерінің ғарыштағы пайдалы қасиеттерін зерттеу болды. Қазіргі уақытта ҚР ұшқыш-ғарышкері, ҚР Халық Қаһарманы Айдын Айымбетов «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ вице-президенті .

**Назерке КӘКІМОВА,**
**ЖПҚ-411 топ студенті.**



# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ІС

Мамандық таңдау – адам болашағы үшін өте маңызды. Ата-ананың басты міндеті – баланың бойындағы қабілетін, өзінің қалауын ескере отырып, дұрыс таңдау жасауына көмектесу. Мамандық таңдауға арналған 8 кеңесті ұсынамыз.

***1. Баланы еркін ойлауға тәрбиелеу***

Шама келгенше, баланы дүниеге келгенінен бастап еркін ойлауға үйреткен жақсы. Оны бұрын ескермеген болсаңыз, дәл қазір қолға алғаныңыз жөн. Мансаптық кеңес берудегі басты ереже – адамның жан қалауын ескеру. Яғни, бала мамандықты өзі таңдағаны дұрыс. Адам өзіне не керектігін өзі ғана біледі. Сонда ол мүмкіндігін жіберіп алғаны үшін ата-анасын кінәламайды.

***2. Сұранысқа ие мамандықтарды білу***

Қоғамдағы беделдісіне емес, сұранысқа ие мамандықтарға назар аударыңыз. Мұны білу үшін жоғарғы қызметтер жинағы мен рейтингтерді оқудың қажеті жоқ. Жұмысқа орналасуға көмектесетін, жұмыспен қамту орталықтары мен сайттарын ашып, сондағы бос орындарды нақтылап қарау керек.

***3. Айналадағы мамандық иелерін ескеру***

Кәсіпорындарда ашық есік күндері жиі өткізіледі. Бұл жерде үлкен мақсат мен жетістік жайлы емес, оған жеткізетін күнделікті жұмыс барысын сұрастырып білу керек. Қаншалықты дұрыс сұрақ қойылса, соншалықты пайдалы кеңес алуға болады. Бала болашақ мамандығын ойлағанда өзінше идея тауып, әр нәрсені қиялдаумен жүреді. Ең дұрысы – шындық пен қиялдың ара жігін ажыратып, жұмыспен жақын танысу. Баланың денсаулығы да жұмысына сәйкес келуі міндетті. Ол үшін арнайы мамандармен ашық әңгімелесу керек.

***4. Басқа қалаларда және шет елдерде оқу***

Біз басқа мемлекеттердегі оқу орындары түгілі, өз еліміздегі қалаларда қандай оқу орны бар екенін және қай университетте қандай мамандықты оқытатынын білмейміз. Бұл да – ең басты ескеретін дүние.

***5. Мамандық таңдауға қатысты тесттер***

Мұндай тесттер, әсіресе, интернетте жиі кездеседі. Олар сұрақтарға жалпылай ғана жауап беріп, кейбір ерекшеліктерді ескермейді. Бала болашаққа таңдау жасағанда, мұндай тесттер мен кеңестерге «қатып» қалудың жөні жоқ.

***6. Сүйікті пәні мен мамандықты шатастырмау***

